

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тізілімін, нормативтік құқықтық кесімдерінің эталондық бақылау банкін жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 сәуірдегі N 343 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 439 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.07.2016 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 47-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тізілімін, нормативтік құқықтық кесімдерінің эталондық бақылау банкін жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 1680 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 52, 478 - құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 1680 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 тамыздағы N 793 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 29, 251-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 қазандағы N 1082 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 33, 355-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.09.2014 № 1045 қаулысымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі – Мемлекеттік тізілім) – нормативтік құқықтық актілердің деректемелерін және осы актілер туралы басқа да ақпараттық-анықтамалық сипаттағы мәліметтерді қамтитын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алудың бірыңғай жүйесі;

2) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі – (бұдан әрі – эталондық банк) олар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған нормативтік құқықтық актілердің (өзгерістермен және толықтырулармен бірге) баспа және электрондық-цифрлық нысандағы жиынтығы;

3) эталондық бақыланатын нормативтік құқықтық акті – бұл «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) түсінігі айқындалған, бастапқы нормативтік құқықтық акіден (өзгерістермен және толықтырулармен бірге) тұратын, қалыптасқан және «Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – РҚАО) лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған баспа және электрондық цифрлық нысандағы туынды нормативтік құқықтық акті;

4) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;

5) мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйелері – өзара алмасуды жүзеге асыратын және Эталондық банкті жүргізу

мақсатында пайдаланылатын мемлекеттік органдардың электрондық құжаттармен алмасу жүйелерінің жалпы ұғымы.

Ескерту. 1-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 28.01.2016 № 35 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Мемлекеттік тізілім және эталондық банк Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін бірыңғай мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

3. Мемлекеттік тізілімді және эталондық банкті жүргізуді РҚАО жүзеге асырады.

4. Эталондық банкке енгізілген нормативтік құқықтық актілер хронологиялық тәртіппен есепке алуға жатады.

5. Эталондық бақыланатын нормативтік құқықтық актілерді сақтау мерзімі – үнемі.

6. Заңның 1-бабының 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшасына сәйкес «қызмет бабында пайдалану үшін», «баспасөзге арналмаған», «жариялауға жатпайды» деген белгілері бар нормативтік құқықтық актілер электрондық түрде эталондық банкте деректемелер түрінде орналасады.

«Ерекше маңызды», «өте құпия», «құпия» белгілері бар нормативтік құқықтық актілер Мемлекеттік тізілімге және Эталондық банкке енгізілуге жатпайды.

Ескерту. 6-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 28.01.2016 № 35 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Мемлекеттік тізілімді және Эталондық банкті жүргізу тәртібі

7. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның палаталарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік құқықтық актілерінің көшірмелерін мемлекеттік органның мөрімен расталған және Заңның 29-бабында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір данада қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде баспа және электрондық түрде РҚАО-ға жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.01.2016 № 35 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

8. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде

және оның аумақтық органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен Қазақстан Республикасы министрлерінің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының, ведомстволар басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтарының, орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулыларының, Орталық сайлау комиссиясының нормативтік қаулыларының, мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерінің, сондай-ақ әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулыларының және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерінің көшірмелерін мемлекеттік органның мөрімен расталған және Заңның 29-бабында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір данада олар алынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде баспа және электрондық түрде РҚАО-ға жібереді.

Бұл ретте бірлесіп қабылданған нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуші мемлекеттік орган Мемлекеттік тізілімге және Эталондық банкке енгізу үшін ж і б е р е д і .

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.01.2016 № 35 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

9. Осы Ереженің 7 және 8-тармақтарында көзделген электрондық түрдегі нормативтік құқықтық актілерді РҚАО-ға жіберу мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйелері арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйелері арқылы РҚАО-ға нормативтік құқықтық актілердің электрондық мәтіндерін жіберу және электрондық цифрлық қолтаңбамен растау мүмкін болмаған кезде, мұндай нормативтік құқықтық актілер оларға электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылуын қамтамасыз ете отырып, электрондық цифрлық жеткізгіштерде РҚАО-ға ұсынылады.

Нормативтік құқықтық актіні бірлесіп қабылдаған мемлекеттік органдардың бірлесіп қабылданған аталған актілерге электрондық цифрлық қолтаңба қойылуын қамтамасыз етуі, сондай-ақ оларды кейіннен электрондық цифрлық жеткізгіштерде РҚАО-ға беруі әзірлеуші мемлекеттік органға жүктеледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.01.2016 № 35 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

10. Келіп түскен нормативтік құқықтық актілерді эталондық банкте тіркеу оның қағаз және электрондық түрде болуы кезінде жүзеге асырылады.

11. Келіп түскен электрондық түрдегі нормативтік құқықтық актілер өзі расталған электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалылығын және оның деректемелік және мазмұндық бөліктеріне сәйкестігін тексеру рәсімінен өтеді.

Тексерудің нәтижесі теріс болған жағдайда, нормативтік құқықтық актілер электрондық түрде алынбаған деп есептеледі, бұл туралы жөнелтушіге құжаттың

алынбау себептерін көрсете отырып, хабарлама жіберіледі.

Құжаттың алынбауы туралы хабарлама алынған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілерді РҚАО-ға электрондық түрде қайта жібереді.

12. Мемлекеттік тізілімге енгізілуге тиіс нормативтік құқықтық актілер РҚАО-ға келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізіледі және оларға тіркеу нөмірі беріледі.

13. Осы Ереженің 7 және 8-тармақтарында көрсетілген келіп түскен нормативтік құқықтық актілерді Эталондық банкке енгізу олар РҚАО-ға келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.01.2016 № 35 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

14. Эталондық банкке енгізілген нормативтік құқықтық актілер оларға ағымдағы өзгерістер мен толықтыруларды енгізу, нормативтік құқықтық актілердің жекелеген бөліктерінің күші жойылды деп тану не олардың қолданылуын тоқтата тұру арқылы бақыланатын жағдайда ұсталады.

Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, нормативтік құқықтық актілердің жекелеген бөліктерінің күші жойылды деп танылған не олардың қолданылуы тоқтатыла тұрған кезде, сондай-ақ олардың мәтініне енгізілетін нормалардың тұжырымын, актінің нысаны, қабылданған күні мен нөмірі туралы ақпаратты нақты көрсететін белгілер енгізіледі.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.01.2016 № 35 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

15. Нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылған не оның қолданылуы белгілі бір мерзімге тоқтатыла тұрған кезде Мемлекеттік тізілімге тиісті жазбалар және Эталондық банкке енгізілген нормативтік құқықтық актінің баспа және электрондық мәтініне тиісті нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасай отырып, оның күші жойылды деп тану не қолданылуын тоқтата тұру т у р а л ы б е л г і ж а с а л а д ы .

16. Эталондық банкті қалыптастыру кезінде нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері салыстырылып тексерілмейді.

17. Эталондық банкті қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты, сондай-ақ оған мәліметтер енгізуді Қазақстан Республикасының Әділет министрі айқындайды.